

KASE

ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ



МАЗМҰНЫ

KASE ТУРАЛЫ	3
ФАКТИЛЕР МЕН ЦИФРЛАР	4
БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТТЕРІМІЗ	5
Листинг	6
Мүшелік	10
Сауда-саттық	13
Нарықтар	14
Сауда-саттықтан кейінгі қызметтер	16
Технологиялық шешімдер	22
Нарық деректерін ұсыну	25
Индекстер мен Индикаторлар	27
Ақша нарығы	30



KASE ТУРАЛЫ

Қазақстан қор биржасы (KASE) – қатысушыларға валюталық, қор, мерзімді және ақша нарықтарының түрлі құралдарымен сауда-саттық жасау үшін толық инфрақұрылым қолжетімді болатын көпфункционалды сауда-саттық алаңы.

1993 жылдың қарашасында ұлттық валюта нарығын ұйымдастыру және дамыту мақсатында құрылған, KASE жұмыс істеген жылдар барысында қазақстандық қаржы нарығының ажырамас бөлігіне айналды және отандық экономикада маңызды орын алады.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОР НАРЫҒЫН ДАМУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІМІЗ

- ▶ заманауи технологиялар, сауда-саттық және есеп айырысу инфрақұрылымы, ОК қызметтері, T+2 толыққанды тәртіптемесі;
- ▶ биржалық нарықтарда ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыру үшін өзінің корреспонденттік желісінің болуы;
- ▶ экономиканың нақты секторы субъектілерінің капитал тартуы;
- ▶ ақпараттық ашықтықты қамтамасыз ету және листинглік компанияларды корпоративтік басқару деңгейін арттыруға ынталандыру;
- ▶ нарықтың өтімділігін арттыру;
- ▶ KASE-дегі сауда-саттықтың сандық параметрлері акцияларды FTSE және MSCI акцияларының дамушы нарықтарының индекстеріне енгізу кезінде, сондай-ақ қазақстандық акциялар нарығының рейтингі үшін пайдаланылады;
- ▶ KASE Index халықаралық қоғамдастық үшін қазақстандық акциялар нарығының негізгі индикаторы болып табылады
- ▶ қаржылық мониторингке жататын күдікті мәмілелер мен операцияларды анықтау бөлігінде қадағалау функцияларын орындау;
- ▶ нарыққа қатысушыларға және әлемдік қоғамдастыққа нақты уақыт тәртіптемесінде нарықтық ақпарат беру;
- ▶ қор нарығы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық базасын жетілдіруге жәрдемдесу.

ФАКТИЛЕР МЕН ЦИФРЛАР (01.10.23 жағдай бойынша)

30 жыл

Қазақстанның
капитал
нарығында

2-ші
орында

ТМД Биржаларының
арасында
сауда-саттық
көлемі бойынша
(2022 жылдың
қорытындысы бойынша)

4-ші
орын

акциялар нарығын
капиталдандыру
бойынша FEAS
биржалары арасында
(2022 жылдың
қорытындысы бойынша)

7

валюталық
жұп

250+

эмитент

1 000+

сауда-саттық
тізімдеріндегі
бағалы қағаздар
саны

52
мүшесі

қор, валюта және
деривативтер
нарықтарының

~ 679К
астам

бөлшек
инвесторлар

1,515 млн
коды

омнибус
шоттарының

БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТТЕР

ЛИСТИНГ

- ▶ бағалы қағаздарды жария айналысқа жіберу
- ▶ жеке орналастыру
- ▶ эмитенттердің қызметі туралы ақпаратты ашу үшін жағдай жасау
- ▶ бизнесті дамытудың барлық кезеңдерінде қаржыландыруды тарту шарттары

МҮШЕЛІК

- ▶ қор нарығы
- ▶ валюта нарығы
- ▶ деривативтер нарығы

САУДА-САТТЫҚТАР

- ▶ бағалық қағаздар
- ▶ шетел валюталары
- ▶ репо және своп операциялары
- ▶ туынды қаржы құралдары

САУДА-САТТЫҚТАН КЕЙІНГІ ҚЫЗМЕТТЕР

- ▶ клиринг
- ▶ есеп айырысу
- ▶ Орталық контрагент

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕР

- ▶ үш сауда-аттық жүйесі
- ▶ есеп айырысу және клирингілік жүйелер
- ▶ FIX-шлюздар мен FAST-хаттамалары
- ▶ Нарыққа қатысушыларға арналған веб-сайт және веб-сервистер

НАРЫҚТЫҚ МӘЛІМЕТТЕРДІ ҰСЫНУ

- ▶ сауда-саттық нәтижелері
- ▶ нақты уақыт тәртіптемесіндегі баға белгілеулер мен кідірілген мәліметтер
- ▶ мұрағаттық, анықтамалық және туынды ақпарат
- ▶ IRIS Finance бағдарламалық өнімі
- ▶ Telegram @KASEInfoBot қосымшасындағы ақпараттың арна
- ▶ KASE MOBILE мобильді қосымшасы


ЛИСТИНГ



НЕЛІКТЕН БИЗНЕС ҚОР НАРЫҒЫНА ШЫҒАДЫ



KASE САУДА-САТТЫҚ АЛАҢДАРЫ МЕН СЕКТОРЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ (РЕСМИ ТІЗІМ)



KASE ресми тізімінен басқа, "Листингілік емес бағалы қағаздар" секторы бар, оның негізгі мақсаты Биржа мүшелеріне ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында Биржаның ресми тізімінде жоқ бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға мүмкіндік беру болып табылады.

Листинг – KASE ресми тізімінің тиісті алаңдарының санатына және/немесе секторына бағалы қағаздарды енгізу процедурасы. Бұл ретте Компания және оның бағалы қағаздары реттеуші органның белгілі бір талаптарына, сондай-ақ KASE листингілік критерийлеріне және (немесе) талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Бағалы қағаздарды KASE ресми тізіміне енгізу (листинг) осы бағалы қағаздардың тиісті сектордағы және/немесе санаттағы тиісті алаңда KASE сауда-саттық жүйесінде айналысқа жіберілуін білдіреді.

ЖАЛПЫ ЛИСТИНГІЛІК ТАЛАПТАР

Қаржылық есеп берушіліктің стандарттары	ҚЕХС немесе АҚШ БЕЖҚ сәйкес жасалады
Аудиторлық ұйым	Биржа мойындайтын аудиторлық ұйымдардың тізіміне енгізілген
Корпоративтік басқарудың нормалары	қазақстандық эмитенттер үшін — эмитенттің уәкілетті орган бекіткен корпоративтік басқару кодексінің болуы (бұл талап жеке орналастыруға жататын облигациялар шығаруды жүзеге асыратын эмитенттерге, сондай-ақ шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын эмитенттерге қатысты қолданылмайды); шетелдік эмитенттер үшін — егер оның болуы эмитент соның заңды тұлғасы болып табылатын елдің заңнамасында қарастырылған болса, корпоративтік басқарудың бекітілген кодексінің немесе өзінің мазмұны бойынша осыған ұқсас өзге де құжаттың болуы
Бағалы қағаздардың еркін айналымы	жарғыда және/немесе KASE ресми тізіміне енгізуге жоспарланған бағалы қағаздардың шығарылым аңдатпасында бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды беру (иеліктен шығару) құқығына қысым жасайтын немесе шектейтін нормалардың болмауы)
Бағалы қағаздарды есепке алу	Орталық депозитарий жүзеге асырады

Жоғарыда аталған талаптардан басқа, Биржаның ресми тізіміне бағалы қағаздарды енгізу сауда-саттық алаңына, секторына және санатына қарай белгіленген қосымша листингілік критерийлер мен талаптар бар.

Листингілік процедуралар, құжаттармен (ақпаратпен, мәліметтермен) алмасу, сондай-ақ рұқсаттама бастамашысымен (қаржы кеңесшісімен) Биржаның коммуникациясы тек қағаз жеткізгіштерде және электрондық пошта арқылы ғана емес, сонымен қатар "issuers to investors" (is2in жүйесі) электрондық құжат айналымы жүйесінде онлайн түрде жүзеге асыру қарастырылған

ЛИСТИНГКЕ ДАЙЫНДЫҚ

- ▶ Ішкі процедураларды, құжаттарды, бухгалтерлік есеп жүйесін тексеру.
- ▶ Қаржылық есеп берушіліктің аудитін жүргізу үшін аудиторлық ұйымды таңдау (Биржа мойындаған аудиторлық ұйымдардың тізімі KASE интернет-сайтында "Ережелер – KASE ережелері Листинг – Листинг процедурасы және листингілік алымдар" бөлімінде жарияланған).
- ▶ Қаржылық кеңесшіні таңдау (қаржылық емес ұйымдар үшін).
- ▶ Листинг үшін құжаттар пакетін, оның ішінде қажет болған жағдайда инвестициялық меморандумды, дайындау.

ЛИСТИНГ ПРОЦЕДУРАСЫНАН ӨТУ

Өтінішті қарау және листинг туралы шешім қабылдау	Листингтің стандартты толық процедурасы – 30 жұмыс күнге дейін; жеңілдетілген листинг процедурасы – 5 жұмыс күнге дейін; демеушілік етілмейтін листинг – 20 жұмыс күнге дейін
Листинг туралы шешімнің күшіне енуі	1 күннен 20 күнтізбелік күнге дейін (рұқсаттама бастамашысының листингілік алымдарды төлеу мерзімдеріне қарай)

АҚПАРАТТЫҚ АЙҚЫНДЫҚ

Қор нарығында ақпаратты ашу – бағалы қағаздарды табысты орналастыру және ашық нарықта айналыста болған кезде олардың өтімділігін ынталандыру үшін қажетті шарт. Ақпараттық ашықтық деңгейін арттыру әлеуетті инвесторлар тарапынан компанияға деген сенімнің өсуіне ықпал етеді, акционерлердің оның тұрақтылығы мен тұрақтылығына деген сенімін арттырады және сәйкесінше компанияның инвестициялық тартымдылығының өсуіне оң әсер етеді.

Бағалы қағаздары KASE ресми тізімінде тұрған эмитенттер Биржаға уақтылы ұсынуы тиіс:

- ▶ мерзімді есеп берушілік (жылдық қаржылық есеп берушілік және ол бойынша аудиторлық есептер, аралық қаржылық есеп берушілік, акционерлер туралы мәліметтер, жылдық есептер және т. б.);
- ▶ ағымдағы қызмет туралы ақпарат (компанияның жоғары органның және директорлар кеңесінің шешімдері, құрылтайшылық құжаттарына өзгерістер енгізу, бағалы қағаздар бойынша кірістерді төлеу, негізгі қызметті өзгерту және т.б. туралы).

Листингілік процедураларды реттейтін KASE ішкі құжаттары, сондай-ақ бағалы қағаздарға рұқсаттама бастамашысының ақпаратты ашу қағидалары KASE ресми интернет-ресурсында орналастырылған.



СҰРАҚТАРЫҢЫЗ БАР МА?

Біздің қызметкерлеріміз бағалы қағаздар листингі мәселелері бойынша кеңес беруге әзір:

Листинг департаменті
тел.: +7 (727) 237 5327, 237 5324
listing@kase.kz

МҮШЕЛІК

KASE сауда-саттығына Биржададан мүше мәртебесін алған қаржы ұйымдары ғана қатыса алады. Жеке немесе заңды тұлғалар Биржада KASE мүшелері арқылы, олардың клиенттері болып сауда-саттық жүргізе алады. KASE мүшеліктің үш санатын ұсынады. Ұйым өзінің қызығушылығы бар қаржы құралдарына қарай, бағалы қағаздар нарығының, шетел валюталары нарығының немесе деривативтер нарығының мүшесі бола алады. Бір уақытта екі немесе үш санатқа қатысу мүмкіндігі бар.

"ҚОР"

01

туынды бағалы қағаздарды қоса алғанда, бағалы қағаздардың және Биржадағы айналысқа (сауда-саттыққа) жіберілген және шетел валюталарына немесе туынды қаржы құралдарына жатпайтын өзге де қаржы құралдарының сауда-саттығына қатысу құқығымен

"ВАЛЮТАЛЫҚ"

02

Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес валюта нарығында айналысқа жіберілген туынды қаржы құралдарын қоса алғанда, шетел валюталарының биржалық сауда-саттығына қатысу құқығымен

"ДЕРИВАТИВТЕР"

03

туынды қаржы құралдарымен биржалық сауда-саттыққа қатысу құқығымен

KASE МҮШЕСІ МӘРТЕБЕСІН АЛУ ПРОЦЕСІ

- ▶ Биржа өз мүшелеріне қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеру
- ▶ Биржаға құжаттар пакетін ұсыну
- ▶ Биржаның кандидаттың құжаттар пакетін қарауы (қажет болған жағдайда қосымша құжаттарды сұратуы мүмкін)
- ▶ Биржаның Директорлар кеңесінің отырысында KASE мүшелігіне кандидатты қабылдау туралы мәселені қарауы
- ▶ KASE Директорлар кеңесінің оң шешімі болған жағдайда – кіру алымын төлеу
- ▶ Тіркеу нөмірін беру және KASE мүшелігіне қабылдау туралы куәлік беру


KASE МҮШЕСІН САУДА-САТТЫҚҚА ЖІБЕРУ ШАРТТАРЫ

- ▶ Трейдерлердің тізімін ұсыну
- ▶ Заңнама талаптарына сәйкес пруденциалдық нормативтерді сақтау
- ▶ Қаржы құралдарының жекелеген түрлерінің сауда-саттығына рұқсаттама беру үшін, оның ішінде кепілдік жарналарын төлеу бойынша KASE ішкі құжаттарында белгіленген талаптар мен шарттарды орындау

KASE мүшелігіне кандидаттарға және KASE мүшелеріне қойылатын талаптар туралы толық ақпаратты KASE интернет-сайтындағы (https://kase.kz/ru/kase_rules/) "Мүшелік" бөлімінде Мүшелік туралы қағидадан табуға болады

НАРЫҚҚА ТІКЕЛЕЙ КІРУ (DIRECT MARKET ACCESS)

KASE мүшелері болып табылатын брокерлердің клиенттері (DMA) Интернет немесе бөлінген байланыс арналарын пайдаланып, Биржаның сауда-саттық жүйесінде айналысқа түсетін бағалы қағаздар мен фьючерстердің сауда-саттығына тікелей қол жеткізе алады. Биржадағы DMA үш негізгі қағидаға негізделген:

**СҰРАҚТАРЫҢЫЗ БАР МА?**

Біздің қызметкерлеріміз KASE мүшесі мәртебесін алу және сауда-саттыққа рұқсаттама алу мәселелері бойынша кеңес беруге әзір:

Эмитенттер мен Биржа мүшелерінің мониторингі департаменті
тел.: +7 (727) 237 5326, 237 5325
monitoring@kase.kz

САУДА-САТТЫҚ

Биржада қалай сауда-саттық жасау керек: әрекеттер тізбегі

- 1 Инвестициялау негіздерімен, қор нарығындағы сауда-саттық механизмі мен ерекшеліктерімен, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығын реттейтін заңнамамен танысу.
- 2 KASE мүшелері арасынан брокерлік компанияны таңдау және онымен брокерлік қызметтерді көрсету туралы келісім-шарт жасасу.
- 3 Таңдалған брокерлік компанияда қағаздарды есепке алу үшін шот ашу.
- 4 Инвестициялық артықшылықтарды анықтау және брокермен бірге инвестициялық стратегияны әзірлеу.
- 5 Брокерлік компанияның ішкі нормативтік құжатына сәйкес, қызығушылық танытқан өтінім бойынша брокерге мәміле жасауды тапсырыңыз.
- 6 Сатып алынған бағалы заттардың табыстылығына мерзімді мониторинг жүргізу.
- 7 Бағалы қағаздарды сатып алу-сату операцияларын жүзеге асыру.

Брокерлік компаниялар өз клиенттеріне сауда-саттық шоттарының екі түрін ұсынады:

виртуалды ақшаны қолдана отырып, сауда-саттық жасау дағдыларын үйретуге және платформамен танысуға мүмкіндік беретін оқу шоты.


нақты ақшаны пайдалана отырып, бағалы қағаздармен сауда-саттыққа арналған нақты шот.

НАРЫҚТАР

Сауда-саттық көлемі


Үлестік нарық,
млрд KZT

Акциялар




Қарыз нарығы,
млрд KZT

Мемлекеттік
бағалы қағаздар




Ақша және шетел
валюталарының
нарықтары, трлн KZT


Шетелдік валюталар
нарығы



Инвестициялық
қорлардың бағалы
қағаздары




Корпоративтік
облигациялар




Репо
операциялары




KASE Global



Халықаралық
қаржы ұйымдары




Валюталық своп
операциялары




KASE тізімдерінің салалық құрылымы* (Капитализациядағы үлесі, %)

Акциялар нарығы



Корпоративтік облигациялар нарығы



- Негізгі емес тұтыну тауарлары
- Ақпараттық технологиялар
- Жаппай сұранысқа ие тауарлар
- Материалдар
- Қаржы
- Жылжымайтын мүлік

- Денсаулық сақтау
- Коммуналдық қызметтер көрсету
- Өндіріс
- Телекоммуникациялық қызметтер көрсету
- Энергетика

Классификатор ретінде "Global Industry Classification Standard (GICS)®" қолданылған
Дереккөз: KASE

САУДА-САТТЫҚТАН KEЙІНГІ ҚЫЗМЕТТЕР

КЛИРИНГ

Клиринг (қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызмет) – қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қатысушылардың талаптары және (немесе) міндеттемелері туралы ақпаратты анықтау, тексеру және беру процесі.

KASE клирингілік қызметтерді, сондай-ақ орталық контрагенттің қызметтерін 2012 жылы туынды құралдар нарығында көрсете бастады. 2018 жылы KASE клирингілік қызметтерді, сондай-ақ валюта нарығында, ал 2019 жылы қор нарығында орталық контрагенттің қызметтерін көрсете бастады.

2023 жылдың 25 қыркүйегінде KASE клирингілік және есеп айырысу функцияларды, сондай-ақ Биржаның 100 % еншілес ұйымы – "KASE клирингілік орталығы" АҚ (бұдан әрі – Клирингілік орталық немесе KACC) қор нарығындағы орталық контрагенттің функцияларын ұсынуды жүзеге асырды.

Биржалық нарық инфрақұрылымының функцияларын бөлу эмитенттер мен инвесторлар, оның ішінде жеке және институционалдық инвесторлар үшін ұйымдастырылған нарықта операциялар жасау кезінде ең жақсы жағдайлар жасау, ең үздік әлемдік тәжірибелерді енгізу және қолданылатын халықаралық стандарттарға қол жеткізу, сондай-ақ биржалық нарық инфрақұрылымының тәуекелдерін саралау мақсатында жүзеге асырылды.

Клиринг функциялары мен есеп айырысуды жүзеге асыру дайындық шеңберінде клирингілік орталық бағалы қағаздар нарығында клирингілік қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар алды, қажетті процестер енгізілді және нарық инфрақұрылымын құрайтын және оны пайдаланушылар болып табылатын қаржы ұйымдарымен іскерлік қатынастар орнатылды.

25 қыркүйектен бастап KACC клирингілік қатысушылары "қор" санаты бойынша KASE-ге мүше 42 қаржы ұйымы болып табылады. Клирингілік қызмет көрсетуге 1500-ден астам қаржы құралдары қабылданды, оның ішінде KASE ресми тізіміндегі 253 эмитенттің 989 бағалы қағаздар шығарылымы.

Бүгінгі таңда KASE клирингілік қызметтерді, сондай-ақ валюта нарығында және туынды құралдар нарығында орталық контрагенттің нетто негізде қызметтерін көрсетеді. KACC қор нарығында клирингілік қызметтерді, сондай-ақ Орталық контрагенттік қызметтерді нетто және гросс негізінде ұсынады.

Нетто негізіндегі клиринг әрбір сауда-саттық сессиясының қорытындылары бойынша клирингілік қатысушының әрбір сауда-клирингілік шоты мен қаржы құралы бөлінісінде клирингілік қатысушылар жасасқан мәмілелер пулы бойынша талаптар мен міндеттемелерді өзара есепке алу арқылы клирингілік жүйені пайдалана отырып автоматты түрде жүргізіледі. Клирингілік сессия барысында анықталған клирингілік қатысушылардың қорытынды нетто-талаптары мен нетто-міндеттемелері тиісті биржалық нарыққа есеп айырысу ұйымына есеп айырысуға жіберіледі.

Клирингілік қызметтер мыналарды қамтиды:

01

клирингілік қатысушылар жасасқан мәмілелер бойынша Биржадан ақпаратты қабылдау және өңдеу, оны салыстыру және түзету

02

клирингілік қатысушылармен жасалған мәмілелердің параметрлерін есепке алу

03

Биржаның сауда-саттық жүйелерінде мәмілелер жасасу нәтижесінде клирингілік қатысушылардың талаптарын және (немесе) міндеттемелерін анықтау

04

клирингілік қызмет нәтижелері бойынша ақша аудару

05

бағалы қағаздарды аударуға бұйрықтарды орталық депозитарийге беру

06

клирингілік қатысу сертификаттарын шығару

ОК қызметтері мыналарды қамтиды:

01

Клирингілік орталықтың алдында клирингілік қатысушының нетто-міндеттемелерінің (нетто-талаптарының) туындауымен мәмілелер бойынша клирингілік қатысушының мәмілелері бойынша міндеттемелердің тоқтатылуы

02

клирингілік орталықтың алдында туындаған нетто-міндеттемелер (нетто-талаптар) туралы клирингілік қатысушыны хабардар ету

03

клирингілік қатысушының міндеттемелерін толық немесе жартылай орындамау немесе тиісінше орындамау фактісін реттеу жөніндегі процедураларды жүзеге асыру (оның ашық жайғасымдарын мәжбүрлеп тарату мақсатында, оның ішінде клирингілік қатысушының лицензиясының қолданылуы тоқтатылған немесе тоқтатыла тұрған жағдайда)

Клирингілік ұйым мен ОК тәуекелдерін басқару мақсаттары үшін Клирингілік орталық және Биржа:

01

клирингілік қатысушылардың қаржылық жағдайына мониторинг жүргізеді

02

клирингілік қатысушылардың қызмет көрсетілетін нарыққа қарай клирингілік ұйымның ережелерінің талаптарына сәйкестігін анықтайды

03

клирингілік қатысушылар ұсынған клирингілік қорларды пайдалану және қажет болған жағдайда пайдалану құқығын белгілейді

Оны заңды тұлға ретінде тіркеген елдің заңнамасына сәйкес қаржы құралдарымен мәмілелер жасасуға құқығы бар заңды тұлға клирингілік қатысушы бола алады.

Клирингілік қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсету мақсатында клирингілік қатысушыларға мынадай мәртебелер беріледі:

"қор нарығының клирингілік қатысушысы"	"қор нарығы" санаты бойынша KASE мүшелеріне
"валюталық нарықтың клирингілік қатысушысы"	"валюталық" санат бойынша KASE мүшелеріне
"деривативтер нарығының клирингілік қатысушысы"	"деривативтер" санаты бойынша KASE мүшелеріне

Бір KASE мүшесі клирингілік қатысушының бірнеше мәртебесіне ие болуы мүмкін.

Мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету тәртібін анықтау мақсатында клирингілік қатысушыға мынадай санаттардың бірі беріледі:

"қамтамасыз етілмеген"	клирингілік қатысушыға оның міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етуді аудару бойынша талаптар қолданылмайды. Осы санат барлық биржалық нарықтардағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі үшін арнайы санат болып табылады, ол Қазақстан Республикасының орталық банкі болып табылады және банк жүйесінің жоғарғы (бірінші) деңгейін білдіреді.
"жартылай қамтамасыз етілген"	клирингілік қатысушыға оның мәмілелері бойынша міндеттемелерінің орындалуын жартылай қамтамасыз ету бойынша талаптар қолданылады
"толық қамтамасыз етілген"	клирингілік қатысушыға осы міндеттемелер туындайтын қаржы құралдарындағы мәмілелер бойынша оның міндеттемелерін толық қамтамасыз ету жөніндегі талап қолданылады

СҰРАҚТАРЫҢЫЗ БАР МА?

Біздің қызметкерлеріміз бағалы қағаздар клирингі мәселелері бойынша кеңес беруге әзір:

Клирингілік палата
тел.: +7 (727) 237 6006
clearing@kase.kz

ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАР

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2023 жылдың 25 қыркүйегінен бастап KASE клирингілік және есеп айырысу функцияларын, сондай-ақ Биржаның 100 % еншілес ұйымы – "KASE клиринг орталығы" АҚ-на (КАСС) орталық контрагентінің функцияларын беруді жүзеге асырды.

Биржалық нарық инфрақұрылымының функцияларын бөлу эмитенттер мен инвесторлар, оның ішінде жеке және институционалдық инвесторлар үшін ұйымдастырылған нарықта операциялар жасау кезінде ең жақсы жағдайлар жасау, ең үздік әлемдік тәжірибелерді енгізу және қолданылатын халықаралық стандарттарға қол жеткізу, сондай-ақ биржалық нарық инфрақұрылымының тәуекелдерін саралау мақсатында жүзеге асырылды.

КАСС мемлекеттік бағалы қағаздарды, корпоративтік облигацияларды, сондай-ақ ақша нарығының қаржы құралдары – репо операцияларымен жасалған мәмілелерді қоса алғанда, барлық қаржы құралдары бойынша қор нарығында орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асырады.

КАСС орталық контрагентпен жасалған мәмілелер бойынша ақшамен есеп айырысуды "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-дағы корреспонденттік шотты пайдалана отырып, дербес жүргізеді. KASE-де жасалатын барлық мәмілелер бойынша бағалы қағаздар бойынша есеп айырысу ұйымы "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ болып табылады.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫ

KASE шетел валюталары нарығында орталық контрагент (ОК) функцияларын жүзеге асырады, яғни Биржа әрбір сатып алушы үшін сатушы және әрбір сатушы үшін сатып алушы бола отырып, мәміле бойынша Тараптар арасында делдал болады. Осылайша, сатып алушы мен сатушы арасындағы келісім-шарттық қатынастар ОК-пен жасалатын ұқсас келісім-шарттық міндеттемелерге ауыстырылады.

Биржа ОК ретінде, тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі элементтері болып табылатын, Биржаның клирингілік кепілдік және сақтық қорлары мен оны қамтамасыз ету шеңберінде жосықсыз қатысушының міндеттемелерін орындауына қарамастан, әрбір адал қатысушы алдында жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік береді.

Қазақстандық теңгемен есеп айырысуларды Биржа Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот арқылы, ал шетел валютасымен шетелдік корреспонденттік банктеріндегі KASE шоттары арқылы жүргізеді.

KASE КОРРЕСПОНДЕНТ-БАНКТЕРІ

KZT	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі The Bank of New York Mellon
USD	Citibank N.A. New York JP Morgan Chase Bank
EUR	"Сбербанк России" КАҚ, Мәскеу қ.
RUB	Еуразиялық Даму Банкі
CNY	«Қазақстандағы Қытай Банкі» Еншілес банкі АҚ "Алматы қаласындағы Қытай сауда-өнеркәсіп Банкі" АҚ

ДЕРИВАТИВТЕР

KASE әрбір жасалатын мәміле бойынша ОК рөлін атқарады және кепілдік және сақтық қорлар сомасы шегінде мәмілелердің орындалуын қамтамасыз етеді. Есептік тәуекелдерді барынша азайту мақсатында жайғасымдарды ашу және келісім-шарттар бағасының өзгеру шектелімдері белгіленеді.

Биржа туынды құралдар нарығындағы сауда-саттық бойынша есеп айырысуды Биржаның теңгедегі корреспонденттік шоттары арқылы – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде, АҚШ долларымен – The Bank of New York Mellon, Citibank N.A. New York, JP Morgan Chase Bank жүргізеді.

СҰРАҚТАРЫҢЫЗ БАР МА?

Біздің қызметкерлер сіздерге биржалық мәмілелер бойынша есеп айырысу бойынша қызмет көрсету мәселелері бойынша кеңес беруге әзір:

Есеп айырысу палатасы

тел.: +7 (727) 237 5334,
+7 (727) 237 5333, +7 (727) 296 6401
settlement@kase.kz

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕР

Биржада сенімділіктің, қауіпсіздіктің және бизнестің үздіксіздігін қолдаудың қолайлы деңгейімен оның қызметінің негізгі түрлерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпараттық жүйелер кешені бар.

САУДА-САТТЫҚ ЖҮЙЕСІ

KASE "Мәскеу биржасы" КАҚ бірлесіп, қор және валюта нарықтарында ASTS+ сауда-клиринглік жүйесін (СКЖ) және деривативтер нарығында SPECTRA жүйесін енгізді.

ASTS+ және SPECTRA жүйелерінің маңызды сипаттамалары жоғары сенімділік және өнімділік, әртүрлі тәртіптемелерде қаржы құралдарының кең спектрімен сауда-саттықты бір мезгілде өткізу мүмкіндігі болып табылады.

Деривативтер нарығында Spectra СКЖ іске қосылуы 2021 жылы күтілуде.

ASTS+ қор нарығының артықшылықтары:



репо операцияларының жекелеген тәртіптемелерін қоспағанда, ОК қатысуымен барлық мәмілелерді жасасу



жосықсыз қатысушылардың міндеттемелерді орындамауына қарамастан адал қатысушылар алдындағы міндеттемелерді орындауға кепілдік береді



сауда-саттықтың әртүрлі әдістерімен жариялай қамтамасыз ету шартымен теңгемен де, АҚШ долларымен де есеп айырысулармен бағалы қағаздарды саудалауға мүмкіндік береді



корзиналары бар авторепоны қоса алғанда, барлық мәмілелер бойынша бірыңғай неттинг енгізу



репо мәмілелері бойынша бағалы қағаздар немесе ақша репо сатып алушының шотында бұғатталмайды және басқа мәмілелердің нысанасы бола алады



репо-дағы бағалы қағаздардың уақытша меншік иесінен бағалы қағаздар бойынша сыйақылар (купондар, дивидендтер) бойынша кірісті тұрақты меншік иесіне эмитент сыйақы төлегеннен кейінгі күні беру процедурасын қамтамасыз етеді

Сауда-саттықтың тәртіптемелері

- ASTS+ сауда-клирингтік жүйесінде оларды қолдану мақсаттарына байланысты мынадай тәртіптемелер көзделген
- ▶ ОК-пен сауда-саттық тәртіптемелері;
 - ▶ ОК-сыз сауда-саттық тәртіптемелері;
 - ▶ "Есептесулерге аудару" тәртіптемелері;
 - ▶ дискреттік сауда-саттық әдісі;
 - ▶ "Қамтамасыз етуді аудару" тәртіптемелері.

ASTS+ валюта нарығының артықшылықтары:



Қаржы құралдары:

- ▶ АҚШ долларына, еуроға, Ресей рубліне және ҚХР юані бойынша валюталық жұптар;
- ▶ көрсетілген валюталық жұптарға своп операциялары;
- ▶ жеткізілімді фьючерстік келісімшарт.



Сауда-саттық тәртіптемелері:

- ▶ жүйелік тәртіптеме (ашық нарық);
- ▶ тікелей мәмілелер тәртіптемесі (келісім-шарттық мәмілелер);
- ▶ "технологиялық тәртіптемелер" (ОК мақсаттары үшін).

СПЕТРА туынды құралдар нарығының артықшылықтары:



Қаржы құралдары:

- ▶ қазақстандық эмитенттердің акцияларына фьючерстер;
- ▶ KASE Индексіне фьючерстер;
- ▶ шетел валютасының теңгеге бағамына фьючерс.



Сауда-саттық тәртіптемелері:

- ▶ жүйелік тәртіптеме (ашық нарық);
- ▶ тікелей мәмілелер тәртіптемесі (келісім-шарттық мәмілелер);

СҰРАҚТАРЫҢЫЗ БАР МА?

Біздің қызметкерлеріміз бағалы қағаздармен сауда-саттық жүргізу мәселелері бойынша кеңес беруге әзір:

Сауда-саттық департаменті
тел.: +7 (727) 237 6025, 237 6018
trade@kase.kz

KASE ИНТЕРНЕТ-САЙТЫ

KASE интернет-сайты Қазақстанның қор нарығы туралы басты ақпараттық ресурс болып табылады. Сайт деректері бағалы қағаздар нарығының жұмыс істеу негіздерін зерделеуде алғашқы қадамдар жасайтын жаңа ойыншылардың және шынайы және өзекті ақпаратты қажет ететін сарапшылардың қажеттіліктеріне жауап бере алады.

Интернет-сайт мынадай мүмкіндіктер береді



- ▶ KASE барлық нарығындағы сауда-саттықтың барысы мен нәтижелерін көру мүмкіндігі
- ▶ Қазақстанның жетекші брокерлік компанияларымен байланыс
- ▶ бағалы қағаздар және олардың эмитенттері туралы егжей-тегжейлі ақпаратқа қол жеткізу (бағалы қағаздардың шығарылым аңдатпасы, инвестициялық меморандумдар, компанияның қаржылық есеп берушілігі, акционерлердің шешімдері және т. б.)
- ▶ Биржаның, нарықтың және KASE листингтік компанияларының жаңалықтарын алып отыру мүмкіндігі
- ▶ қазақстандық бағалы қағаздар нарығын реттейтін заңнамалық базаға және биржалық Қағидаларға қол жеткізу

СҰРАҚТАРЫҢЫЗ БАР МА?

Біздің қызметкерлеріміз сайт жұмысының мәселелері бойынша кеңес беруге әзір:

Ақпарат бөлімі
тел.: +7 (727) 237 5328, 237 5323
infodep@kase.kz

IS2IN ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ

Листинг бастамашылары мен KASE мүшелері ашуға жататын ақпаратты ұсыну үшін, листинг бастамашылары мен KASE мүшелеріне құжаттарды және ақпаратты кейіннен KASE интернет-сайтында автоматты тәртіптемеде орналастыра отырып, электрондық түрде беруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін is2in (ISSUERS TO INVESTORS) мамандандырылған электрондық құжат айналымының жүйесі әзірленді және енгізілді.

НАРЫҚ ДЕРЕКТЕРІН ҰСЫНУ

KASE нарықтағы уақиғалар туралы ең өзекті ақпаратты жедел алуға, іс-қимылдың тиімді стратегиясын қалыптастыруға, компанияның операциялық қызметін автоматтандыруға және жаңа сервистер құруға мүмкіндік беретін ақпараттық өнімдер мен сервистердің кең спектрін ұсынады.

KASE ақпараттық сервистерін тікелей KASE-ге немесе Refinitiv, Bloomberg, Factset, Cbonds, Interfax, Factiva Dow Jones, SIX Financial Information және т.б. сияқты ресми вендорлар арқылы алуға болады.

KASE КЕЛЕСІ АҚПАРАТТЫҚ ӨНІМДЕРДІ ҰСЫНАДЫ:

НАҚТЫ УАҚЫТ ТӘРТІПТЕМЕСІНДЕ WEB-QUOTES

- ▶ KASE интернет-сайты арқылы KASE-де қаржы құралдарымен өткізілетін сауда-саттықтың барысы туралы ақпаратты нақты уақыт тәртіптемесінде көруге қол жеткізу (www.kase.kz). ақпараттық өнімдерге KASE интернет-сайтында тіркеуден өтіп, жазылымды ресімдеу арқылы қол жеткізуге болады.

IRIS FINANCE

- ▶ ақпаратпен жұмыс істеуге арналған модульдік бағдарламалық өнім. Негізгі модульдерге эмитенттер мен бағалы қағаздар, индекстер мен индикаторлар және басқа ақпарат туралы анықтамалықтар кіреді.

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- ▶ KASE сауда-саттықты ұйымдастырушының қызметі шеңберінде өз эмитенттері мен мүшелерінен алатын, сондай-ақ биржалық ақпаратты өңдеу нәтижесінде KASE дербес дайындаған жаңалықтар лентасы. Ақпараттық өнімдерге KASE интернет-сайтында тіркеуден өтіп, жазылымды ресімдеу арқылы қол жеткізуге болады.

KASEInfoBot

- ▶ Нақты уақыт тәртіптемесінде соңғы және орташа саралнған баға, валюта және қор нарықтарындағы сауда-саттық көлемі, индикаторлардың мәндері, дивидендтер, кросс-бағамдар туралы ақпаратты қамтитын ақпараттық бот, сондай-ақ уақыт бойынша, кесте бойынша, берілген бағаның басталуы бойынша, сондай-ақ алдағы мамандандырылған сауда-саттық және олардың нәтижелері туралы хабарламаларды жіберу функциялары бар.

NON-DISPLAY ЖҮЙЕСІ/ТУЫНДЫ АҚПАРАТ

- ▶ Түпнұсқалы (бастапқыда алынған) ақпаратты қарауды қоспағанда, сауда-саттық ақпаратын кез келген мақсатта өңдеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін жүйе.

САУДА-САТТЫҚ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (END OF DAY)

- ▶ осы ақпараттық өнімнің техникалық маманданымымен белгіленген белгілі бір уақыт аралығында ұсынылатын сауда-саттық қорытындылары туралы ақпарат.

МҰРАҒАТТЫҚ АҚПАРАТ

- ▶ Сұрау салу бойынша сауда-саттық қорытындылары туралы ақпарат файлдарының форматына ұқсас форматтағы файлдар түрінде, сондай-ақ өтінімдер тізілімі және мәмілелер тізілімі түрінде ұсынылатын тарихи ақпарат.

АНЫҚТАМАЛЫҚ АҚПАРАТ

- ▶ Қаржы құралдарының сипаттамалары, сондай-ақ бағалы қағаздар эмитенттері туралы ақпарат.

СҰРАҚТАРЫҢЫЗ БАР МА?


Біздің қызметкерлеріміз биржалық ақпарат пен ақпараттық өнімдерді тарату мәселелері бойынша кеңес беруге әзір:

Ақпараттық өнімдерді ілгерілету бөлімі
тел.: +7 (727) 237 5322
mds@kase.kz

ИНДЕКСТЕР МЕН ИНДИКАТОРЛАР

KASE нарықтары Биржаның нақты уақыт тәртіптемесінде және сауда-саттық күнінің нәтижелері бойынша есептейтін және жариялайтын индикаторлар жиынтығымен сипатталады. Индекстер бойынша барлық деректерді (соның ішінде мұрағаттық) KASE интернет-сайтында табуға болады www.kase.kz.

KASE Индексінің динамикасы



АКЦИЈАЛАР НАРЫҒЫ

KASE ИНДЕКСІ – қазақстандық акциялар нарығының бенчмаркі, оның мәні биржаның ресми тізіміне енгізілген, аса ірі және қаржылық тұрақты қазақстандық компаниялардың ең өтімді акцияларының деректері бойынша анықталады.

KASE индексі, осы индексті құру күніне оның өкілетті тізіміне кіретін, акциялардың нарықтық бағасының, еркін айналыстағы акцияларды есепке ала отырып, капиталдандыру бойынша мөлшерленген, ағымдағы күнге осы тізімдегі акциялардың бағасына қатынасы ретінде есептеледі. Индекс әрбір мәміле жасалғаннан кейін нақты уақыт тәртіптемесінде қайта есептеледі.


KASE Индексінің өкілетті тізімінің акциялары келесі критерийлерге сәйкес келуі тиіс:

- ▶ эмитенттің минималды капитализациясы 23 млрд теңгені құрауы тиіс;
- ▶ эмитенттің меншікті капиталының мәні оң болуы керек;
- ▶ эмитенттің қызметі оның тізімге енгізілген күніне соңғы екі қаржы жылында табысты болуы тиіс немесе эмитенттің қызметі тізім өзгерген күнге екі жылдан артық шығынды болмауы тиіс;
- ▶ акцияларды KASE индексіне енгізу үшін, акцияларды қосу күнінің алдындағы алты айдың әрқайсысы үшін акциялармен сауда-саттық көлемі 24 млн теңгеден кем емес, нәтижелі күндер саны — айдың барлық сауда-саттық күндерінің кемінде 70 % құрауы тиіс, мәмілелерді алты ай ішінде әр айда Биржаның кемінде бес мүшесі жасауы тиіс;
- ▶ акцияларды KASE индексінде болуы үшін алты айдың тізімі өзгерген күннің алдындағы кез келген төрт айдың әрқайсысындағы акциялармен сауда-саттық көлемі 12 млн теңгені құрауы тиіс, нәтижелі күндер саны – айдың барлық сауда-саттық күндерінің кемінде 50 % құрауы тиіс, тізім өзгерген күннің алдындағы алты айдың кез келген төрт айдың әрқайсысында Биржаның кемінде бес мүшесі мәмілелер жасасуы тиіс.



КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Корпоративтік облигациялар нарығының индикаторлары қазақстандық корпоративтік борыш нарығының негізгі индикаторлары болып табылады. KASE ресми тізімінің облигацияларының индикаторларын есептеу үшін келесі критерийлер бойынша іріктеледі:



- ▶ облигациялар теңгемен номиналдануы және теңге бағамының шетел валютасына өзгеруі бойынша индекстелмеуі тиіс;
- ▶ облигациялар "таза" бағалармен саудалануы тиіс, өтеуге облигациялардың кірістілігі Биржаның ақпараттық жүйелерімен автоматты түрде есептелуі тиіс;
- ▶ орналастырылған облигациялардың саны туралы ақпараттар Биржада бар;
- ▶ Биржада облигациялар бойынша маркет-мейкер қызмет етеді;
- ▶ Биржада облигациялардың тұрақты сауда-саттығы ашылды (тоқтатылған жоқ);
- ▶ облигациялар эмитентінің купондық сыйақыны және/немесе ол шығарған облигациялар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша реттелмеген берешегі жоқ.

KASE корпоративтік облигациялар нарығының келесі индикаторларын есептейді:

KASE_BMC

негізгі сауда-саттық алаңының "таза" бағалар индексі

KASE_BMY

негізгі сауда-саттық алаңының кірістілік индикаторы

Корпоративтік облигациялар нарығының индекстері әрбір сауда-саттық күнінің қорытындылары бойынша есептеледі.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

Мемлекеттік бағалы қағаздар индекстері Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигацияларының нарықтық құнының өзгеруін көрсетеді және өтеуге дейінгі мерзімдер бойынша сегменттелмеген (жиынтықталған) және өтеуге дейінгі мерзімдер бойынша сегменттелген индекстерді қамтиды: бір жылдан кем (s); бір жылдан бес жылға дейін (m); бес жылдан және одан аса (l) сериялары:

- KZGB_CP*** жинақталған және төленбеген купондық сыйақыны есепке алмағандағы бағалар бойынша есептелетін мемлекеттік бағалы қағаздардың "таза" бағаларының баға индексі;
- KZGB_DP*** жиынтық табыстың баға индексі (есептелген купондық сыйақыны және қайта инвестицияланған купондық төлемді ескере отырып);
- KZGB_Y*** кірістілік көрсеткіштері, жылдық пайызбен.

Республиканың мемлекеттік бағалы қағаздарының индикаторларын есептеу үшін өкілеттік тізім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған, Биржаның ресми тізіміне енгізілген, мыналар болып табылатын мемлекеттік бағалы қағаздар қатарынан қалыптастырылады:

- ▶ индекстелмеген;
- ▶ купондық сыйақының белгіленген мөлшерлемесімен;
- ▶ қазақстандық теңгемен номинацияланған.

АҚША НАРЫҒЫ

MONEY MARKET INDEX

Мәмілелер көлемі арқылы орташа сараланған, USD/KZT валюталық своп операциялары және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен автоматты репо операциялары бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемелердің (кірістіліктің) мәнін білдіретін ақша нарығының композиттік индикаторы. Индикатор KASE сауда-саттық жүйесінде сауда-саттық күні барысында жасалған USD/KZT валюталық свопын ашудың барлық мәмілелері және МБҚ Корзинымен авторепо операциялары бойынша есептеледі және осы күннің қорытындысы бойынша жаңартылады.

TONIA (Tenge OverNight Index Average)

Еуропа қайта құру және даму банкі мен Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің қатысуымен ақша нарығының индикаторлары бойынша жұмыс тобы шеңберінде нарыққа қатысушылар таңдаған тәуекелсіз мөлшерлеме.

Есеп ең төменгі және ең жоғары кірістілігі бар мәмілелердің 5 % кесімдей отырып, бағалы қағаздармен бір күндік репо операциялары кірістілігінің орташа сараланған мәні ретінде жүзеге асырылады. TONIA есептеу үшін мәмілелердің шекті көлемі 100 млрд теңгені құрады. Бір күнде мәмілелер көлемінің шекті мәніне қол жеткізілмеген кезде, TONIA Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген базалық мөлшерлеменің осы күні қолданылатын мәнінің және алдыңғы бес күн үшін базалық мөлшерлемеге TONIA орташа спредінің сомасы ретінде анықталады.

TONIA әрбір сауда-саттық күнінің қорытындысы бойынша есептеледі.

TRION (Tenge repo index OverNight)	Биржа орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып клирингілік қызметті жүзеге асыратын, бағалы қағаздармен автоматты репо секторында бір жұмыс күні ішінде Биржада бағалы қағаздармен жасалған репо ашу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемені білдіреді.
TWINA (Tenge Week Index Average)	Биржа орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып, Биржа солармен клирингілік қызметті жүзеге асыратын, МБҚ Корзинасының бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында жасалған, жеті жұмыс күні мерзімге репо ашу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемені білдіреді. TRION vty TWINA әрбір мәміле жасалғаннан кейін қайта есептеледі.
SWAP-1D (SWAP-2D)	KASE сауда-саттық жүйесінде бір (екі) жұмыс күні ішінде жасалған, тиісті валюталық своп операцияларының барлық ашылу мәмілелері бойынша бір (екі) жұмыс күні мерзіміне кірістілік, мәмілелер көлемі арқылы орташа алынған USD/KZT бір күндік/екі күндік валюталық своп операцияларының индикаторы. Индикаторлардың мәні валюталық своп операциялары нарығында әрбір мәміле жасалғаннан кейін қайта есептеледі.
MONEY MARKET INDEX	Мәмілелер көлемі, USD/KZT валюталық своп операциялары және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен бір жұмыс күніне ашылған автоматты репо операциялары бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемелердің (табыстылықтың) мәні арқылы орташа сараланған ақша нарығының композиттік индикаторы. Индикатор USD/KZT валюталық свопын ашудың барлық мәмілелері және сауда-саттық күні ішінде KASE сауда жүйесінде жасалған МБҚ қоржынының бағалы қағаздарымен авторепо операциялары бойынша есептеледі және осы күннің қорытындысы бойынша жаңартылады.
TCI	TONIA индикаторының соңғы есептелген мәні негізінде әр күнтізбелік күн сайын есептелетін TONIA композиттік индексі;
TCR_1m, TCR_3m, TCR_6m	сәйкесінше бір, үш және алты ай мерзімге жылжымалы кезеңдегі TCI мәндері негізінде әрбір күнтізбелік күн сайын есептелетін TONIA құрама мөлшерлемесі;

REPGCC_1D	бір күнге мүлктік пулдың клирингілік қатысу сертификатымен репоның орташа сараланған мөлшерлемесі;
Кривая ГЦБ	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің теңгемен номиналданған индекстелмеген бағалы қағаздар бойынша пайыздық мөлшерлемелердің уақытша құрылымы әдісімен ұсынылған МБҚ-ның купонсыз кірістілігі. МБҚ қисығын құру Нельсон-Сигельдің параметрлік моделіне негізделген.

СҰРАҚТАРЫҢЫЗ БАР МА?

Біздің қызметкерлеріміз индекстерді есептеу бойынша кеңес беруге әзір:

Индекстер бөлімі
тел.: +7 (727) 237 5318
infodep@kase.kz



K**SE**

www.kase.kz